

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.239-241

АГРОСЕКТОРҒА САНДЫҚ САНА ҚАЖЕТ!

Амантай С.

Ата кәсіпті дамыту – ауылжағдайын жақсартудың төте жолы. Ол үшін шаруалар кооперативін құрып, жұмысын әртаптандыру уақыт талабы. Шағын шаруа қожалықтары өнімдерін делдалсыз әрі еркін, лайықты бағаға саудалау үшін кооперативтер қанатының асына жұмылуы керек. «Жұмыла көтерген жеңіл». Шаруалар біріккен жағдайда ғана бәсекеге қабілетті болып, өніміне сұраныс табады. Өкінішке орай, диқандар мен шаруа иелерін дінкелеткен күрделі мәселелер агро секторда өте көп. Қазір несібесін жерден теріп отырған шаруаларға қойылатын талап-ережелер қысқа күнде қырық құбылады. Жиі өзгереді. Несие алайын десе, кепіл сұрайды. Жер жырттып, мал бағып, құс қасіретін жұрт табысқа бірден кенелуі мүмкін емес. Оған бір жыл емес, бірнеше жыл қажет. Өйткені ауыл шаруашылығында атқарылар істерге жүрдім-бардым қарамау қажет. Оның машақатын тек жер еміп, мал бағып, құс өсіргендердің өздері ғана біледі. Қайтпек керек?

Алдымен өркениет талабына сай отандық агросекторды цифрландыруға өріс ашқан абзал. Жақында ғана елімізде кезекті Парламент Мәжілісінің сайлауы өтті. Онда халықтың көпшілік дауысына ие болған көшбасшы партия «Nur Otan»-ның жеңгенін білеміз [1]. Осы жүйе жасақтаушы саяси ұйымның сайлауалды жаңа бағдарламасына сәйкес, «біздің алдымызда агроөнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 2,5 есе өсіріп, өнім экспортын екі есе ұлғайту міндеті тұр. Әрі, экспортталатын өнімнің 70%-ы өңделген болуы шарт. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізудегі басты құралдардың бірі – еліміздің агроөнеркәсіп кешенін толық цифрландыру. Ол өнім өндіруге жұмсалатын шығындарды азайтуға, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді», - делінген. Демек, агроөнеркәсіп кешені толық цифрланса, онда өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласында жиналатын астық пен мал шаруашылығы өнімі 20% дейін артады. Ал, фермерлердің шығыны 15% қысқарады.

Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы. Ең алдымен, цифрлы теңсіздікті жойып, барлық азаматты интернетпен және сапалы байланыспен барынша қамтамасыз ету керек. Бүгінде бұл жолдар мен электр қуаты сияқты негізгі қажеттілікке айналып отыр [2].

Цифрландыру есебінен астық жинау жылына 25 млн тоннаға дейін жетеді деген болжамдардың жасалуы да бекер емес. Жалпы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы 100 млн гектардан астам жер алдағы 5 жылдың

ішінде цифрландырудан өтеді. Оған Үкімет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 50 млрд теңге инвестиция тарту көздеп отыр. Бұл дегеніңіз саладағы сан-алуан түйткілдердің түйінін шешіп, көз қысты, бармақ бастылықты жояды. Және саладағы қағазбастылық пен әкімшілік кедергілердің жолы кеседі. Нәтижесінде қарапайым шаруа жоғары төмен жалтақтамай, өз ісімен ғана айнасылысады. Мемлекет оған қолдау көрсетеді. Ал өнімді сұрыптап өткізетіндер таза сервистік қызметтерімен айналысады. Бастысы шаруадан шыққан өнім, сапалы әрі қолжетімді бағаман халыққа жетеді. Әйтпесе, қазір бір ғана ветеринариялық паспортты алудың өзі шаруалар үшін машақаты көп жұмыс. Енді алдағы 5 жылда осындай істер толық автоматтандырылмақ. Жер телімдері де сандық жүйеге көшіріледі. Өйткені, төрт облыста шаруашылыққа деп берілген 8 млн гектардан астам жер пайдаланылмай бос жатқаны анықталып отыр. Енді цифрландыру жер телімдерін, телімдерді тиімді игеруге мүмкіндік беріп, түрлі кемшіліктердің орнын толтырады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолданатын ауыл шаруашылығы өндірушілерінің үлесі көп емес. Цифрлық технологиялардың көмегімен ауыл шаруашылығында түрлендірудің үлкен әлеуеті бар, және цифрландырудың ауқымды бағдарламасы жағдайында ауыл шаруашылығы дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығуға және ел экономикасының драйвері болуға қабілетті. Ауыл шаруашылығын цифрландыру бағдарламасының іске асырылатын іс-шаралардың негізгі бағыттары шығымдылық пен еңбек өнімділігінің артуы, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау болып табылады [3].

АҚШ, Канада Жапония және Австралия сияқты дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық технологиялар осы дәстүрлі саланы түбегейлі өзгертті. Заманауи геоақпараттық жүйелер мен IoT қоса алғанда, түрлі қайнар көздерден алынатын үлкен деректер топырақтың азып-тозуынсыз әрі ресурстарды ұтымды пайдаланумен өсімдік және мал шаруашылығының барлық салаларында жоғары өнімді алуға мүмкіндік береді

Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде нақты егін шаруашылығы мен нақты мал шаруашылығы элементтерін дамыту және енгізу сектордағы қызметті оңайлату, өнімділікті арттыру және еңбек өнімділігін жоғарылату үшін көзделінеді. Өндіруші нақты уақыттағы егістік, ылғалдың, қоректік заттардың, зиянкестердің, ықтимал жауын-шашынның жағдайы мен жануарлардың жай-күйі, денсаулығы, рацион, тіршілік барысы, жүрген жері туралы келіп түскен деректер негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік алады.

Дегенмен ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолдану барысында бірқатар кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, кадрлардың жетіспеушілігі, фермерлердің білім деңгейінің төмен болуы. Осы орайда көптеген істер атқарылуда. Соның бірі, Еуропалық Одақтың қолдауымен «Нақты ауылшаруашылығы саласындағы жаңа және иновациялық курстар» New and Innovative Courses for Precision Agriculture (NICOPA) атты арнайы

халықаралық жоба ұйымдастырылды. Жоба құрамына Қазақстан Болгария Чехия Германия Түрікменстан Өзбекстан жоғары оқу орындарының педагогиялық профессорлық құрамы қатысып отырған бұл жобаның мақсаты ГАЖ, Жерді қашықтықтан зондтау деректері, жаһандық навигациялық спутниктік жүйелер, Web, Big Data және т. б. негізінде зияткерлік технологияларды пайдалана отырып, нақты ауыл шаруашылығы саласындағы еуропалық университеттердің үздік тәжірибесін пайдалана отырып, бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларын жетілдіру және енгізу.

Қазіргі таңда, С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінде 9 білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға цифрлық технологиялардың қыр-сыры үйретіліп, жаңа иновациялық технологиялармен жұмыс жасауға машықтандырылып білімдерін жетілдіруде.

Соңғы онжылдықтарда қоғамның мал шаруашылығына деген талаптары едәуір өзгеріп, өсті. Сондықтан нақты мал шаруашылығын дамыту әр түрлі себептермен және әр түрлі мақсаттар үшін қажет, ең алдымен:

- ресурстарды тиімді пайдалану;
- мал шаруашылығы өнімдерінің сапасына қол жеткізу және қамтамасыз ету;
- жануарлардың өнімділікке дайындығын қамтамасыз ету;
- құжаттама және сыртқы ортаға жағымсыз әсерді азайту.

Бұдан шығатыны, нақты мал шаруашылығы - бұл ауылшаруашылық жануарларының жекелеген түрлеріне немесе мал шаруашылығындағы өндіріс салаларына арналған тақырып емес, барлық мал өсіру процестеріне қойылатын жаңа жалпы талап [4].

Осылайша, адамзат өзінің ақылды технологияларымен ақылды ауыл шаруашылығы дәуіріне қадам басты. Қазақстан бұл межеге жеткілікті дайындықпен келсе де, іс жүзінде әлі де атқарылатын істер аз емес. Сонымен қатар, мемлекеттік деңгейде шешілуі қажет бірқатар проблемалар бар. Ақылды ауыл шаруашылығын енгізу мен дамытуда ең алдымен сандық сана қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://informburo.kz/kaz/mazilis-pen-maslixat-sailauy-qalai-otip-zatyr>
2. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
3. Banhazi T M, Lehr H, Black J L, Crabtree H, Schofield P, Tscharke M, et al. Precision Livestock Farming: An international review of scientific and commercial aspects. Int J Agric & Biol Eng, 2012; 5(3): 1
4. Алипбеки О.А. Точное сельское хозяйство / Астана-2018